

Грамматика

Зат есім. Жалпы және жалқы зат есімдер, күрделі атаулар.

Зат есім - заттың, құбылыстың атын білдіріп, **кім? не?** деген сұраққа жауап беретін **сөз табы**. Күнделікті өмірде кездесетін, әдеттегі жай нәрселерді ғана емес, табиғат пен қоғамдық өмірдегі ұшырасатын әр алуан құбылыстар мен уақиғаларды, ұғымдар мен түсініктерді де қамтиды.

Мысалы: *құс, тас, су, шыны, адам, қол* деген сөздермен қатар, *жаңбыр, найзағай, сайлау, жүріс, капитализм, эволюция, ұғым, ақыл, сана* деген сөздер де зат есімге жатады

Кім? деген грамматикалық сұрауға жауап беретін зат есімдерге жалпы адам атаулары жатады. Адам атаулары деп жалпы адамға тән атауларды (*кісі, бала, қыз, бөпе, шал, кемпір, келіншек, еркек, әйел* т. б.) туыс атауларын (*әке, шеше, әже, ата, аға, іні, ана, сіңлі, немере* т. б.), іс-әрекет пен кәсіп-мамандық иелерінің атауларын (*әнші, атышы, арбашы, галым, мұғалім, сатушы* т. б.), әр алуан қызмет баптары мен лауазым атауларын (*директор, лейтенант, бастық, мырза, ханым* т. б.), кісі аттарын (*Асан, Әсет, Иса, Алма, Рабиға, Жәмила, Гүлсім, Жанна* т. б.) және басқа да осылар сияқты адамға тән атауларды айтамыз.

Не? деген грамматикалық сұрау, әдетте, адамнан өзге барлық жан-жануарлардың және күллі заттар мен нәрселердің атауларына қойылады.

Зат есімнің семантикалық жіктелімі (Семантические признаки существительного)

I. Мағынасына қарай (По значению):

1. **Жалпы есімдер (Нарицательные)** деп тілдегі әр алуан деректі және дерексіз заттар мен ұғымдарды білдіретін зат есімдер аталады.

Мысалы: *ағаш, ат, ас, арал, арба, бас, бала, ақыл, сана, түсінік, ер, ес, ет, дала, су, отін, көмір, кеңсе* сияқты зат есімдердің бәрі де жалпы есім болады.

2. **Жалқы есімдер (Собственные)** деп белгілі бір ғана затты арнай, даралай атайтын зат есімдерді атаймыз.

Мысалы:

- кісі аттары (*Асқар, Арлан, Ағыбай* т. б.)
- үй хайуандарына берілген арнаулы аттар (*Тайбуырыл, Теңбілкөк, Ақтабан, Таймас* т. б.)
- өндіріс, мекеме, ұйым аттары ("Еңбек", "Қайрат", "Түркісіб" т. б.)
- газет, журнал, фильм, кітап аттары мен жеке шығармалардың аттары ("*Егемен Қазақстан*", "*Өркен*", "*Менің атым Қожа*", "*Қан мен тер*" т. б.)
- географиялық атаулар (*Алатау, Қаратау, Іле, Ертіс* т. б.)
- қала, көше, алаң аттары (*Теміртау, Абай даңғылы, Республика алаңы* т. б.) тағы басқа жалқы атаулар жатады.

Жалқы есімдер мағына жағынан белгілі бір ұғымды білдірмейді, тек бір жеке-дара затты басқа заттардан ажырату үшін қойылған белгі - ат ретінде ғана жұмсалады.

Ішіндегі әр қилы ұсақ топтарды сөз етпегенде, жалқы есімдер ең әуелі үлкен-үлкен екі салаға бөлінеді: оның біріншісі - *кісі аттары (ономастика)*, екіншісі - *географиялық атаулар*

II. Тұлғасына қарай (По способу образования):

1. Негізгі (Непроизводные)

2. Туынды (Производные)

Негізгі зат есім бөлшектеуге келмейтін түбір зат есім. *Мысалы: у, ат, ант*
Туынды зат есім - зат есімге және басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалған зат есім. *Мысалы: достық, боран, тарсыл.*

III. Құрамына қарай (По составу):

1. Дара / жалаң/ (Простые)

2. Күрделі (Сложные)

Дара/жалаң/ зат есімдер екі салаға бөлінеді: біріншісі - *түбір* зат есімдер, екіншісі - *туынды* зат есімдер.

Түбір зат есімдер деп қазіргі кезде тиісті морфемаларға (түбірге және жұрнаққа) бөлшектенбейтін, тек бір ғана түбір морфема (сөз) ретінде қабылданатын заттық атауларды айтамыз. *Мысалы: ел, бала, қала, кітап* т.б.

Туынды зат есімдер деп қазіргі кезде түбір морфемаға және қосымша (жұрнақ) морфемаға бөлшектенетін, демек, түбір сөзден жұрнақ арқылы жасалған заттық атауларды айтамыз. *Мысалы: елші, білім, аштық, кітапша* т.б.

Күрделі зат есімдерге кемінде екі я онан да астам түбір морфемадан құралған формалар жатады. Ондай зат есімдер қазіргі қазақ тілінде төрт түрлі:

1. Біріккен зат есімдер (сращенно-слитные)

2. Қосарлаған зат есімдер (парные)

3. Тіркес (құрама) зат есімдер (словосочетания)

4. Қысқарған зат есімдер (сложнокращенные).

Біріккен зат есімдерге кемінде екі түбір морфемадан бірігу арқылы жасалған зат есімдер жатады.

Мысалы: қолжазба (қол-рука, жазба-писменный), қолбасы, қолқанат, қолшатыр т. б.

Қосарланған зат есімдерге екі түбір морфемадан қосарланып жасалған зат есімдер жатады.

Мысалы: әке-шеше (отец-мать=родители), ақыл-айла, ас-су, ата-ана, бала-шаға, әл-қуат, ел-жұрт, жауын-шашын, ой-пікір, ұрыс-керіс, т. б.

Тіркес (құрама) зат есімдерге кемінде екі я онан астам түбір сөздерден әр қилы жолмен тіркесу арқылы жасалған зат есімдер жатады.

Мысалы: ауыл шаруашылығы (сельское хозяйство), балалар бақшасы, кәсіп одағы, күн тәртібі, қозғамдық еңбек, сары май т. б.

Қысқарған зат есімдерге бірнеше сөзден құралып қысқарған зат есімдер жатады. *Мысалы: ҚР, БҰҰ, ҚазМҰУ, пединститут, см, мм, га, Кб, Мб* т. б.

Имена существительное

Имена существительные в русском и казахском языках представляют собой наиболее многочисленную категорию слов с общими семантическими и грамматическими признаками и являются названиями предметов в самом широком смысле слова. К ним могут быть поставлены вопросы кім? (кто?), не? (что?).

В русском языке значение предметности имен существительных выражает категория рода, числа и падежа, причем отнесение имен существительных к одному из трех родов - мужскому, женскому или среднему - обязательно.

Имена существительные в русском и казахском языках делятся на жалқы (собственные) и жалпы (нарицательные). К собственным именам существительным относятся имена и фамилии людей, клички животных, географические названия - названия местностей, стран, островов, континентов: Қазақстан, Қарағанды, Мәскеу, Алматы, название океанов, морей, рек и озер, гор: Тихий океан (Тынық мұхит).

Зат есімдер делятся на одушевленные и неодушевленные (жанды, жансыз). К одушевленным относятся имена существительные, обозначающие людей, собственные имена, клички и названия животных и птиц.

Мысалы: оқушы, жұмысшы, ер адам, ана (мать), ақсақал (дедушка), ит (собака), мысық (кошка), түйе (верблюд), арыстан (лев), балапан (цыпленок), бота (верблюжонок).

К неодушевленным относятся все прочие названия предметов, в том числе и растения. Мысалы: перде (занавески), сөре (полка), мата (ткань), қайың (береза), қарағай (сосна), қызғалдақ (тюльпан), жусан (полынь), қызан (помидор).

Зат есімдер делятся также на производные (туынды), образуются при помощи суффиксов:

-шы, -ші образуют существительные, профессию человека: жазу (писать) - жазушы (писатель), сурет (рисунок) - суретші (художник), етік (сапоги) - етікші (сапожник), балық (рыба) - балықшы (рыбак), үгіт (агитация) - үгітші (агитатор).

-ша, -ше, мысалы: кітап (книга) - кітапша (книжка).

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік образуются существительными, обозначающие отвлеченные понятия: бала (ребенок) - балалық (детство), дос (друг) - достық (дружба), батыр (герой) - батырлық (мужество, геройство), бай (богатый) - байлық (богатство).

-хана, образует существительные, указывающие на названия учреждений: ас (пища) - асхана (столовая), дәріс (лекция) - дәрісхана (аудитория), ем (лечение) - емхана (поликлиника), дәрі (лекарство) - дәріхана (аптека), кітап (книга) - кітапхана (библиотека).

Зат есім (имя существительное)- заттың атын білдіретін атау сөздер. Сұрақтары: Кім?
Кімдер?(адамдарға) Не?Нелер? Түрлері (типы) Мысалдар Мағынасына қарай(по значению) 1) Жалпы (нарицательные) Бала, мектеп, гүл 2) Жалқы (Собственные) Әлия, Қостанай 3) Деректі-қолымен ұстауға болады Ағаш, қалам 4) көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейді Арман, қуаныш Тұлғасына қарай (по способу образования) 1) негізгі (непроизводные) Ел, жер, су, қала 2) туынды (производные) Сөз тудырушы жұрнақтар арқылы (словообразующие суффиксы): -шы,-ші, -ім,-ым, -лық,-лік,-дық, -дік,тық,-тік, -ша,-ше ән+ші, қой+шы біл+ім, аш+тық, бала+лық, жаман+дық, кеуде+ше Құрамына қарай (по составу) 1) Дара (простые) Жылқы, ауыл 2) Күрделі (сложные) А) біріккен (сращенно-слитные) Қол(рука)+жазба (письменный)- қолжазба рукопись Ә) қосарлы (парные) Ата-ана(отец-мать) -родители Б) тіркесті (словосочетания) Сиыр еті - говядина В) қысқарған (сокращенные) ПОМ – Первомай орта мектебі

Туынды зат есімдер төменгі жұрнақтар арқылы жасалады (Производные образуются при помощи следующих суффиксов) Жұрнақтар Мысалдар -ШЫ,-ШІ – профессии или склонность к чему-либо Жазу+шы – писатель Етік+ші – сапожник Балық+шы-рыбак Дауысты,р- ЛЫҚ,ЛІК л,н - ДЫҚ,ДІК т,в - ТЫҚ,ТІК отвлеченные понятия Бала+лық детство Жеңіл+дік легкость Биік+тік высота Дауысты,р- ЛАС,ЛЕС л,н - ДАС,ДЕС т,в,с - ТАС,ТЕС Совместное местонахождение или совместное действие Жер+лес земляк Ауыл+дас люди с одного ауыла Курс+тас однокурсник

Зат есімнің болымсыз түрі (Отрицательная форма имен существительных образуется путем прибавления личных окончаний в 1 и 2 лице ед. и множ. числа к отрицанию ЕМЕС) Жақ (лицо) Жекеше (ед. ч) Көпше (множ. ч) 1 жақ Мен оқушы емес+пін Я не ученик Біз оқушы емес+піз Мы не ученики 2 жақ Сен оқушы емес+сің Ты не ученик Сендер оқушы емес+сіндер Вы не ученики 2 жақ Сіз оқушы+сыз Вы не ученик Сіздер оқушы емес+сіздер Вы не ученики 3 жақ Ол оқушы емес Он (она) не ученик(ца) Олар оқушы емес Они не ученики